



БҰЙРЫҚ

24.05.2023г.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

347

№

город Астана

Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы ережені бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңын және «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығын іске асыру мақсатында, сондай-ақ «ҚазСтандарт» РМК Жарғысының 4-бөлім 22-тармағы б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «ҚазСтандарт» РМК Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.
2. Осы бұйрықпен «ҚазСтандарт» РМК барлық қызметкерлерін 2023 жылғы 7 маусымға дейін таныстыруды қамтамасыз етсін (Р.Т. Мусин);
3. Қоса беріліп отырған Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы ереже «ҚазСтандарт» РМК ресми интернет-ресурсына орналастырылсын.
4. «ҚазСтандарт» РМК Бас директорының орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиалдарының директорлары осы Ереже талаптарының уақытылы және тиісті түрде орындалуын қамтамасыз етсін;
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау комплаенс жөніндегі менеджерге жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бас директор

Ғ.Мұхамбетов

Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

Осы Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңына, «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жарғысына (бұдан әрі – ҚазСтандарт) сәйкес әзірленді.

Ереже ҚазСтандарт қызметкерлерінің өз еңбек міндеттерін орындау барысында туындайтын мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу тәртібін белгілейтін ҚазСтандарт ішкі құжаты болып табылады.

Ереженің мақсаты қызметкерлердің қызметіндегі мүдделер қақтығысын және ҚазСтандарт үшін мүдделер қақтығысының ықтимал теріс салдарын реттеу және алдын алу болып табылады.

Осы ереженің негізгі міндеті жеке мүдделердің, қызметкерлердің жеке мүдделелігінің олар іске асыратын еңбек функцияларына, қабылданатын кәсіби шешімдеріне әсерін шектеу болып табылады.

Ереженің күші атқаратын лауазымының деңгейіне қарамастан, оның ішінде ҚазСтандарт мүдделерін ұсыну кезінде ҚазСтандарт барлық қызметкерлеріне қолданылады.

2. Ережеде пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар

Осы Ережеде қамтылған ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

Мүдделер қақтығысы – ҚазСтандарт қызметкерінің жеке мүдделілігі оның еңбек міндеттерін тиісінше орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін кезде және ҚазСтандарт қызметкерінің жеке мүдделілігі мен ҚазСтандарт құқықтары мен заңды мүдделері арасында қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін кезде өзі қызметкер болып табылатын ҚазСтандарт құқықтары мен заңды мүдделеріне, мүлкіне және(немесе) іскерлік беделіне зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін жағдай.

Қызметкердің жеке мүдделілігі – ҚазСтандарт қызметкерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде ақшалай, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер түріндегі кірістерді, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтарды алу мүмкіндігіне байланысты мүдделілігі.

3. ҚазСтандартта мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары

ҚазСтандартта мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі жұмыстың негізіне мынадай қағидаттар алынды:

- мүдделердің нақты немесе ықтимал қақтығысы туралы мәліметтерді ашу міндеттілігі;
- әрбір мүдделер қақтығысы анықталған және оны реттеу кезінде ҚазСтандарт үшін бедел тәуекелдерін жеке қарау және бағалау;
- мүдделер қақтығысы және оны реттеу процесі туралы мәліметтерді ашу процесінің құпиялылығы;
- мүдделер қақтығысын реттеу кезінде ҚазСтандарт пен қызметкердің мүдделер теңгерімін сақтау;
- қызметкер уақтылы ашқан және ҚазСтандарт реттеген мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға байланысты қызметкерді қудалаудан қорғау.

4. Қызметкерлердің мүдделер қақтығысын ашуға және реттеуге байланысты міндеттері

ҚазСтандарт қызметкерлері мүдделер қақтығысын ашуға және реттеуге байланысты:

- іскерлік мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және өзінің еңбек міндеттерін орындау кезінде ҚазСтандарт мүдделерін – өзінің жеке мүдделерін, туыстары мен достарының мүдделерін есепке алмай басшылыққа алуға;
- мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайлар мен мән-жайларды болдырмауға;
- туындаған немесе ықтимал мүдделер қақтығысын уақтылы ашуға;
- туындаған мүдделер қақтығысын реттеуге жәрдемдесуге міндетті.

5. ҚазСтандарт қызметкерінің мүдделер қақтығысын ашу тәртібі және оны реттеу тәртібі, оның ішінде туындаған мүдделер қақтығысын шешудің ықтимал тәсілдері

Мүдделер қақтығысын ашу үшін ҚазСтандарт қызметкерлері мынадай тәсілдерді пайдалана алады:

- ҚазСтандартқа жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;
- жаңа лауазымға тағайындау кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;
- кезекті немесе кезектен тыс аттестаттауды өткізу кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;
- мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына қарай мәліметтерді бір реттік ашу;

Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу ерікті нысанда жазбаша түрде жүзеге асырылады. Мүдделер қақтығысын кейіннен жазбаша түрде тіркей отырып, ауызша нысанда бастапқы ашуға жол беріледі. ҚазСтандарт өзіне ұсынылған мәліметтерді құпия қарау және мүдделер қақтығысын

реттеу міндеттемесін қабылдайды. Келіп түскен ақпаратты ҚазСтандарт үшін туындайтын тәуекелдердің ауырлығын және болуын бағалау және мүдделер қақтығысын реттеудің неғұрлым қолайлы нысанын (*немесе реттеу қажеттілігінің болмауы туралы шешім қабылдау*) таңдау мақсатында 20 күннен кешіктірмей комиссиямен бірге комплаенс жөніндегі менеджер егжей-тегжейлі тексеруге тиіс. Егер мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда, оны шешу үшін ҚазСтандарт мынадай тәсілдермен заңнама нормаларына қайшы келмейтін қажетті шараларды қабылдайды:

- қызметкердің жеке мүдделерін қозғауы мүмкін нақты ақпаратқа қызметкердің қолжетімділігін шектеу;

- ҚазСтандарт қызметкерінің мүдделер қақтығысы әсерімен болатын немесе болуы мүмкін не болмаса оның жеке мүдделері лауазымдық міндеттеріне қайшы келетін мәселелер бойынша шешімдерді талқылауға және қабылдау процесіне қатысудан ерікті түрде бас тартуы немесе шеттетілуі;

- қызметкердің функционалдық міндеттерін қайта қарау және өзгерту;

- қызметкерді мүдделер қақтығысына байланысты емес лауазымдық міндеттерді орындауды көздейтін лауазымға ауыстыру;

- қызметкердің ҚазСтандарт мүдделерімен қақтығыс туғызатын өз жеке мүддесінен бас тартуы;

- тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс берушінің бастамасы бойынша тәртіптік жазаларды қолдану.

Мүдделер қақтығысын шешу тәсілдерінің келтірілген тізбесі толық болып табылмайды. ҚазСтандарт пен мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашқан қызметкердің өзара уағдаластығы бойынша оны реттеудің өзге де нысандары табылуы мүмкін. Мүдделер қақтығысын шешудің нақты әдісін таңдау туралы шешім қабылдау кезінде қызметкердің жеке мүддесінің маңыздылығы және бұл жеке мүдденің ҚазСтандарт мүдделеріне зиян келтіре отырып іске асырылу ықтималдығы ескеріледі.

6. Туындаған/бар мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді қабылдауға және осы мәліметтерді қарауға жауапты тұлғалар

Туындайтын/бар мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді қабылдауға жауапты лауазымды тұлғалар:

- ҚазСтандарт бас директорының орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиалдарының директорлары;

- ҚазСтандарт Стратегиялық даму және ғылым департаментінің басшысы (*оның ішінде жұмысқа қабылдау кезінде*);

- ҚазСтандарт сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін жауапты болып тағайындалған лауазымды тұлға болып табылады.

Жауапты тұлғалар алған ақпарат оның қарау мерзімін белгілейтін ҚазСтандарт Бас директорының назарына дереу жеткізіледі. Туындайтын/бар мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты қарау мерзімі бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Алынған ақпаратты қарауды мынадай құрамдағы комиссия жүргізеді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты лауазымды тұлға;
- қызметкер жұмыс істейтін ҚазСтандарт бас директорының орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары немесе филиалдарының директорлары;
- ҚазСтандарт Стратегиялық даму және ғылым департаментінің басшысы.

Туындаған/бар мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді берген қызметкер комиссия отырысына өз қалауы бойынша қатысады. Комиссия алған ақпаратты жан-жақты зерделейді және ол бойынша туындаған/бар мүдделер қақтығысын шешу тәсілі немесе оның болмауы туралы шешім қабылдайды. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және ҚазСтандарт бас директорының назарына жеткізіледі. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады. Туындаған/бар мүдделер қақтығысын шешу тәсілі туралы соңғы шешімді, егер ол шынымен орын алса, ҚазСтандарт бас директоры комиссия отырысының хаттамасын алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

7. ҚазСтандарт қызметкерлерінің мүдделер қақтығысы туралы ережені сақтамағаны үшін жауапкершілігі

Мүдделер қақтығысы туралы ережені сақтамағаны үшін қызметкер қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке, сондай-ақ жауапкершіліктің өзге де түрлеріне тартылуы мүмкін.

Қызметкер өзі тарап болып табылатын мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу жөніндегі шараларды қолданбағаны үшін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52 және 143-1-баптарына сәйкес онымен еңбек шарты бұзылуы мүмкін.